SAMRUK KAZYNA

# «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

## Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

**2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойыншаосы күнге аяқталған үш және алты ай үшін**

# МАЗМҰНЫ

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)**

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп.....1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп .....3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп .....5-6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп .....7-8
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер .....9-55

# Аралық Қысқартылған Шоғырландырылған Қаржылық Есептілікті шолып тексеру нәтижелері бойынша есеп

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Акционеріне, Директорлар кеңесіне және Басшыларына:

## Кіріспе

Біз «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») 2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептілікке, көрсетілген күнмен аяқталған үш және алты ай бойынша жиынтық кіріс туралы, белгіленген күнмен аяқталған алты ай бойынша капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептерге, сондай-ақ тиісті түсіндірме ескертпелерге шолып тексеру жүргіздік. Басшылық осы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептілікті «Аралық қаржылық есептілік» 34 Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына (IAS) сәйкес дайындалауына және дұрыс ұсынылуына жауапты. Біздің жауапкершілігіміз біздің жүргізген шолып тексеруінің негізінде осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы қорытынды қалыптастырудан тұрады.

## Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді «Компанияның тәуелсіз аудиторы жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі» 2410 Халықаралық шолып тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеруі сауалнама алудан, ең алдымен, қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарына жауапты қызметкерлерден, жәнеде сараптамалық және басқа да рәсімдерді қолданудан тұрады. Шолып тексеру көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолып тексеру бізге аудит кезінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болатындығына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Тиісінше, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Әл-Фараби 34, ғимарат А, 4 қабат, Алматы,
Қазақстан, A25D5F6
Т: +7 (727) 330 3200, Ф: +7 (727) 244 6868,

## Қорытынды

Біздің жүргізген шолып тексеру нәтижесінде, осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің, барлық маңызды аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілік» 34 Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес дұрыс ұсынылмаған деп санауға себеп болатын деректер анықталмады.

PricewaterhouseCoopers LLP

Бекітілді және қол қойылды:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Орындаушы аудитор
(2015 жылғы 28 желтоқсан
№МФ-0000315 Аудитордың біліктілік
куәлігі)

2026 жылғы 10 қыркүйек
Алматы, Қазақстан

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 7 | **20.385.817** | 19.373.491 |
| Материалдық емес активтер | 8 | **2.326.069** | 2.386.965 |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | | **233.223** | 236.473 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 9 | **7.144.627** | 7.244.036 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 10 | **24.558** | 28.680 |
| Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар | 11 | **328.278** | 323.035 |
| Борыштық және үлестік қаржы құралдарына салынған инвестициялар | 12 | **971.819** | 887.041 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері | 14 | **439.526** | 422.889 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | 14 | **2.729.762** | 2.258.789 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | | **194.371** | 140.073 |
| | | **34.778.050** | 33.301.472 |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Қорлар | 13 | **1.268.924** | 1.054.675 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **621.563** | 564.430 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **209.529** | 241.416 |
| Сауда дебиторлық берешек | 14 | **1.617.966** | 1.289.194 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 10 | **844.941** | 1.886.552 |
| Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар | 11 | **517.499** | 41.647 |
| Борыштық және үлестік қаржы құралдарына салынған инвестициялар | 12 | **1.284.332** | 1.299.915 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері | 14 | **348.316** | 167.552 |
| Басқа да ағымдағы активтер | 14 | **298.040** | 366.637 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 15 | **4.411.789** | 3.604.029 |
| | | **11.422.899** | 10.516.047 |
| Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер | 6 | **464.372** | 425.394 |
| | | **11.887.271** | 10.941.441 |
| **Активтер жиыны** | | **46.665.321** | 44.242.913 |

*9-55 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Бас компанияның Акционеріне жататын капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | | **5.797.566** | 5.797.566 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | | **1.561.871** | 1.822.636 |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві | | **31.815** | 26.402 |
| Хеджирлеу резерві | | **(46.002)** | (44.306) |
| Басқа да капиталдық резервтер | | **(17.003)** | (17.003) |
| Бөлінбеген пайда | | **14.341.299** | 13.362.381 |
| | | **21.669.546** | 20.947.676 |
| Бақыламайтын қатысу үлесі | | **6.140.053** | 6.232.606 |
| **Капитал жиыны** | | **27.809.599** | 27.180.282 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 17 | **7.539.966** | 6.716.384 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары | 18 | **1.125.107** | 1.085.386 |
| Резервтер | | **428.619** | 455.929 |
| Жалға алу бойынша міндеттемелер | 19 | **451.919** | 399.227 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **149.082** | 131.738 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | 20 | **75.734** | 40.601 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 20 | **376.110** | 306.996 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | | **2.551.853** | 2.561.190 |
| | | **12.698.390** | 11.697.451 |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 17 | **1.404.808** | 1.370.737 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары | 18 | **21.088** | 115.690 |
| Резервтер | | **88.894** | 90.004 |
| Төленуге жататын табыс салығы | | **99.392** | 31.118 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 20 | **2.083.775** | 1.732.032 |
| Жалға алу бойынша міндеттемелер | 19 | **109.109** | 100.098 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **293.521** | 265.738 |
| Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер | 20 | **1.056.878** | 682.620 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 20 | **751.920** | 744.325 |
| | | **5.909.385** | 5.132.362 |
| Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер | 6 | **247.947** | 232.818 |
| | | **6.157.332** | 5.365.180 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **18.855.722** | 17.062.631 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **46.665.321** | 44.242.913 |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі

*Айдар Рысқұлов*

Бас бухгалтер

*Алмаз Әбдірахманова*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | 30 маусымда аяқталған үш ай үшін | | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2026 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) | **2026 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
| **Жалғасатын қызмет** | | | | | |
| Түсім | 21 | **5.552.559** | 4.409.794 | **10.254.158** | 8.479.688 |
| Мемлекеттік субсидиялар | | **16.788** | 15.486 | **33.121** | 31.877 |
| | | **5.569.347** | 4.425.280 | **10.287.279** | 8.511.565 |
| Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 22 | **(4.356.300)** | (3.335.238) | **(8.167.843)** | (6.619.639) |
| **Жалпы пайда** | | **1.213.047** | 1.090.042 | **2.119.436** | 1.891.926 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 23 | **(145.559)** | (139.438) | **(283.239)** | (262.152) |
| Тасымалдау және өткізу шығыстары | 24 | **(250.682)** | (198.461) | **(462.740)** | (412.104) |
| Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар, нетто | | **(9.605)** | (4.649) | **(15.490)** | (10.134) |
| Құнсыздануан болған шығын, нетто | | **(10.415)** | (42.894) | **(13.514)** | (70.825) |
| Бірлескен кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлесті қайта бағалаудан түскен пайда | 5 | **–** | – | **16.870** | – |
| Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен кіріс, нетто | 6 | **55.202** | 4.334 | **55.259** | 140.737 |
| Басқа да операциялық кірістер | | **2.248** | 10.752 | **5.808** | 14.944 |
| Басқа да операциялық шығыстар | | **(12.131)** | (7.777) | **(17.540)** | (12.426) |
| **Операциялық қызметтен түскен пайда** | | **842.105** | 711.909 | **1.404.850** | 1.279.966 |
| Қаржылық шығындар | 25 | **(167.089)** | (193.039) | **(353.372)** | (334.779) |
| Қаржылық кіріс | 26 | **229.829** | 199.417 | **390.554** | 334.992 |
| Басқа да операциялық емес шығын | | **(18.104)** | (19.035) | **(31.178)** | (34.932) |
| Басқа да операциялық емес кіріс | | **18.638** | 20.526 | **34.656** | 30.106 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто | 27 | **523.608** | 364.231 | **789.904** | 637.933 |
| (Теріс)/оң бағамдық айырмашылық, нетто | 2 | **(14.581)** | 108 | **(58.931)** | (122.592) |
| **Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда** | | **1.414.406** | 1.084.117 | **2.176.483** | 1.790.694 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 28 | **(288.959)** | (197.917) | **(446.921)** | (363.625) |
| **Кезеңде жалғасып жатқан қызметтен түскен таза пайда** | | **1.125.447** | 886.200 | **1.729.562** | 1.427.069 |
| **Тоқтатылған қызмет** | | | | | |
| Табыс салығын шегергендегі тоқтатылған қызметтен түскен табыс/(шығын) | 6 | **16** | (5.558) | **9.203** | 520 |
| **Кезеңдегі таза пайда** | | **1.125.463** | 880.642 | **1.738.765** | 1.427.589 |

*9-55 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | 30 маусымда аяқталған үш ай үшін | | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2026 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)* | **2026 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)* |
| **Басқа да жиынтық кіріс/(шығын)** | | | | | |
| *Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық кіріс (салықтарды шегергенде)* | | | | | |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | 16.5 | **46.807** | 341.150 | **(492.651)** | (91.054) |
| Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары бойынша (шығын)/кіріс | 16.5 | **(11)** | (76.185) | **118.131** | 26.264 |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс/(шығын) | | **5.158** | (3.047) | **5.757** | (8.129) |
| Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық кірісіндегі/(шығындағы) үлес | 9 | **1.224** | 3.415 | **(1.546)** | 1.272 |
| Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша кіріс/(шығын) | 16.6 | **(23.785)** | (65.487) | **(81.984)** | (57.036) |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар бойынша таза өткізілген пайда | | **23** | 1.093 | **51** | 1.000 |
| Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша шығынды кезеңнің құрамына қайта жіктеу | 16.6 | **25.355** | 1.357 | **64.328** | 1.439 |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(шығын)** | | **54.771** | 202.296 | **(387.914)** | (126.244) |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс (салықтарды шегергенде)* | | | | | |
| Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық кірісіндегі үлес | 9 | **654** | 578 | **266** | 735 |
| Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық (шығын)/кіріс | | **(8.458)** | (796) | **(9.800)** | 3.019 |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық (шығын)/кіріс** | | **(7.804)** | (218) | **(9.534)** | 3.754 |
| **Табыс салығы шегерілген кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс/(шығын)** | | **46.967** | 202.078 | **(397.448)** | (122.490) |
| **Кезең ішіндегі жиынтық кірістің жалпы сомасы, табыс салығын шегергенде** | | **1.172.430** | 1.082.720 | **1.341.317** | 1.305.099 |
| **Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда:** | | | | | |
| Акционеріне | | **814.586** | 636.509 | **1.275.242** | 1.080.189 |
| Бақыламайтын қатысу үлесіне | | **310.877** | 244.133 | **463.523** | 347.400 |
| | | **1.125.463** | 880.642 | **1.738.765** | 1.427.589 |
| **Табыс салығын шегергенде мыналарға тиесілі кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы:** | | | | | |
| Акционеріне | | **851.454** | 770.473 | **1.010.373** | 989.112 |
| Бақыламайтын қатысу үлесіне | | **320.976** | 312.247 | **330.944** | 315.987 |
| | | **1.172.430** | 1.082.720 | **1.341.317** | 1.305.099 |
| **Бас компанияның Акционеріне тиесілі акцияға шаққандағы пайда – теңге** | | | | | |
| Базалық және бөлінген | 16.7 | **233,94** | 182,80 | **366,24** | 310,22 |
| Базалық және бөлінген, жалғасып отырған қызметтен | | **233,94** | 184,40 | **363,60** | 310,07 |
| Базалық және бөлінген, тоқтатылған қызметтен | | **–** | (1,60) | **2,64** | 0,15 |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар 2 және 6-ескертпелерде келтірілген түзетулерді көрсетеді.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі

*Айдар Рысқұлов*

Бас бухгалтер

*Алмаз Әбдірахманова*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| | | Бас компания Акционеріне тиесілі | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескер. | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвести-цияларды қайта бағалау резерві | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Хеджирлеу резерві | Басқа да күрделі резервтер | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақыла-майтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2024 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо (аудит жүргізілген)** | | 5.540.872 | 243.931 | 32.209 | 2.047.629 | (15.628) | (17.003) | 11.480.832 | 19.312.842 | 5.989.330 | 25.302.172 |
| Кезеңдегі таза пайда | | – | – | – | – | – | – | 1.080.189 | 1.080.189 | 347.400 | 1.427.589 |
| Кезеңдегі басқа да жиынтық (шығын)/кіріс | | – | – | (7.198) | (33.290) | (53.979) | – | 3.390 | (91.077) | (31.413) | (122.490) |
| **Кезеңдегі жиынтық (шығын)/кіріс (қайта есептелген)*** | | – | – | (7.198) | (33.290) | (53.979) | – | 1.083.579 | 989.112 | 315.987 | 1.305.099 |
| Акциялар шығару | | 252.839 | (243.931) | – | – | – | – | (8.117) | 791 | – | 791 |
| Акционерге бөлу, соның ішінде: | | – | – | – | – | – | – | (173.944) | (173.944) | – | (173.944) |
| *«Қазақстан Халқына» қоғамдық қорына бөлу* | | – | – | – | – | – | – | *(74.760)* | *(74.760)* | – | *(74.760)* |
| *Акционерге басқа да бөлу* | 16.1 | – | – | – | – | – | – | *(99.184)* | *(99.184)* | – | *(99.184)* |
| Акционермен жасалатын басқа да операциялар | | – | – | – | – | – | – | (48.173) | (48.173) | – | (48.173) |
| Активтерді Акционерге беру | | – | – | – | – | – | – | (478) | (478) | – | (478) |
| Үкіметтен алған қарыздар бойынша дисконт | 16.2 | – | – | – | – | – | – | 24.772 | 24.772 | – | 24.772 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға дивидендтер | 16.4 | – | – | – | – | – | – | – | – | (393.723) | (393.723) |
| Капиталдағы басқа да өзгерістер | | – | – | – | – | – | – | 56 | 56 | 7 | 63 |
| **2025 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*** | | 5.793.711 | – | 25.011 | 2.014.339 | (69.607) | (17.003) | 12.358.527 | 20.104.978 | 5.911.601 | 26.016.579 |

*9-55 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | Жарғылық капитал | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвести-цияларды қайта бағалау резерві | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Хеджирлеу резерві | Басқа да күрделі резервтер | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақыла-майтын қатысу үлесі | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2025 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)** | | 5.797.566 | 26.402 | 1.822.636 | (44.306) | (17.003) | 13.362.381 | 20.947.676 | 6.232.606 | 27.180.282 |
| Кезеңдегі таза пайда | | – | – | – | – | – | 1.275.242 | 1.275.242 | 463.523 | 1.738.765 |
| Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс/(шығын) | | – | 5.413 | (260.765) | (1.696) | – | (7.821) | (264.869) | (132.579) | (397.448) |
| **Кезеңдегі жиынтық кіріс/(шығын)** | | – | 5.413 | (260.765) | (1.696) | – | 1.267.421 | 1.010.373 | 330.944 | 1.341.317 |
| Акционерге басқа да бөлу | 16.1 | – | – | – | – | – | (399.489) | (399.489) | – | (399.489) |
| Үкіметтен алған қарыздар бойынша дисконт | 16.2 | – | – | – | – | – | 57.613 | 57.613 | – | 57.613 |
| Еншілес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыламайтын қатысу үлесін сатып алу | 16.3 | – | – | – | – | – | 52.586 | 52.586 | (100.687) | (48.101) |
| Бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға дивидендтер | 16.4 | – | – | – | – | – | – | – | (323.027) | (323.027) |
| Капиталдағы басқа да өзгерістер | | – | – | – | – | – | 787 | 787 | 217 | 1.004 |
| **2026 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)** | | **5.797.566** | **31.815** | **1.561.871** | **(46.002)** | **(17.003)** | **14.341.299** | **21.669.546** | **6.140.053** | **27.809.599** |

* *Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар 2 және 6-ескертпелерде келтірілген түзетулерді көрсетеді.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі

*Айдар Рысқұлов*

Бас бухгалтер

*Алмаз Әбдірахманова*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | **2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері | | **11.220.176** | 9.499.568 |
| Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер | | **(6.597.610)** | (5.570.583) |
| Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер | | **(1.211.456)** | (1.076.637) |
| Басқа да салықтар мен төлемдер | | **(1.620.195)** | (1.192.461) |
| Клиенттердің қаражаттары бойынша түсімдер | | **21.438** | 2.465 |
| Қысқа мерзімді жалға алу бойынша төлемдер және ауыспалы жалға алу төлемдері | | **(24.971)** | (35.035) |
| Агенттік келісімдер бойынша ақша қаражатының түсімдері | | **105.573** | 168.795 |
| Агенттік келісімдер бойынша берілген ақша қаражаты | | **(123.818)** | (333.563) |
| Бюджеттен ҚҚС-ты қайтару | | **33.383** | 177.635 |
| Әлеуметтік және медициналық сақтандыру қорларына аударымдар | | **(60.659)** | (49.698) |
| Демеушілік көмек және қайырымдылық | | **(5.841)** | (3.719) |
| Бірлескен операциялардың екінші қатысушысымен өзара есеп айырысулар | | **20.949** | (8.128) |
| Басқа да түсімдер | | **92.838** | 90.254 |
| Басқа да төлемдер | | **(110.976)** | (92.648) |
| Төленген табыс салығы | | **(380.087)** | (382.414) |
| Төленген пайыздар | | **(309.462)** | (259.963) |
| Алынған пайыздар | | **307.486** | 244.443 |
| **Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі** | | **1.356.768** | 1.178.311 |
| **Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Негізгі құралдарды, барлау және бағалау активтерін,басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу | | **(1.855.229)** | (1.216.013) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | **(67.422)** | (13.555) |
| Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер | | **1.290** | 4.422 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түсетін түсімдер | | **628** | 761 |
| Сатып алынған еншілес ұйымдардың ақшалай қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатып алу | 5 | **19.128** | – |
| Еншілес ұйымдарды шығарудан түскен түсімдер, шығарылған ұйымдардың ақшалай қаражаттарын шегергенде | 6 | **24.139** | 310.200 |
| Банк депозиттерін орналастыру | | **(838.259)** | (1.290.715) |
| Банк салымдарын алу | | **1.789.578** | 1.563.688 |
| Қарыздар беру | | **(471.271)** | (20.898) |
| Берілген қарыздарды өтеу | | **1.623** | 6.591 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларды (сатып алу)/сату, нетто | | **(14.775)** | (3.551) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына меншік үлесін өзгертпестен салымдар | 9 | **(49.452)** | (49.671) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер | 9 | **629.718** | 935.061 |
| ҚР Ұлттық Банкінің нотасын сатып алу | | **(1.067.222)** | (1.180.328) |
| ҚР Ұлттық Банкінің нотасын өтеу | | **1.026.391** | 1.012.236 |
| Мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды сатып алу | | **(1.929.728)** | (819.138) |
| Мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды өткізуінен түсетін түсімдер | | **2.527.767** | 795.406 |
| Басқа борыштық және үлестік құралдарды сатып алу | | **(711.496)** | (335.892) |
| Өзге борыштық және үлестік құралдарды өткізуінен түсетін түсімдер | | **41.441** | 253.165 |
| Басқа да түсімдер | | **32.203** | 9.822 |
| Басқа да төлемдер | | **(27.707)** | (7.308) |
| **Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуы** | | **(938.655)** | (45.717) |

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескер. | **2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Қарыздар бойынша түсімдер | 17, 18 | **1.943.281** | 788.772 |
| Қарыздарды өтеу | 17, 18 | **(1.028.375)** | (590.342) |
| Жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу | 19 | **(23.825)** | (27.113) |
| «Қазақстан Халқына» қоғамдық қорына бөлу | 20 | **(20.000)** | (14.000) |
| Акционерге басқа да бөлу | 16.1 | **(175.997)** | (43.744) |
| Акционермен басқа да операциялар | | **(2.114)** | (19.953) |
| Қаржыландыру туралы келісімдер бойынша өтеу | 20 | **(12.169)** | – |
| Бақыламайтын қатысу үлесін сатып алу | 16.3 | **(48.101)** | – |
| Еншілес ұйымдарға қатысудың бақылаусыз үлестеріне төленген дивидендтер | 16.4 | **(194.881)** | (257.852) |
| Тікелей РЕПО операциялары бойынша түсімдер | | **35.471** | 5.531 |
| Басқа түсімдер | | **4.661** | – |
| Басқа төлемдер | | **(6.765)** | (12.300) |
| **Қаржылық қызметтегі ақша қаражатының таза түсімі/(жұмсалуы)** | | **471.186** | (171.001) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі** | | **889.299** | 961.593 |
| Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | | **(80.897)** | (10.224) |
| Сатуға арналған активтерге қайта топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс | | **(509)** | 72.229 |
| Күтілетін кредиттік шығындар резервіндегі өзгеріс | | **(133)** | 481 |
| Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары | | **3.604.029** | 3.212.279 |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | 15 | **4.411.789** | 4.236.358 |

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ банк пен жеткізуші арасында тікелей аударылған қарыз қаражаты есебінен 201.454 миллион теңге сомасындағы негізгі құралдарды сатып алды (2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 73.825 миллион теңге) (*17-Ескертпе*).

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі

*Айдар Рысқұлов*

Бас бухгалтер

*Алмаз Әбдірахманова*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

**Корпоративтік ақпарат**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ны біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі - «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір ұйымдардағы өзінің қатысу үлесін қосымша беру жолымен жүзеге асырылды. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер») және ХҚЕС-қа сәйкес түпкілікті бақылаушы тарап болып табылады.

Қор *29-ескертпеде* санамаланған бірқатар компанияларды біріктіретін холдинг (бұдан әрі - «Топ»). Қордың қызметі 2012 жылғы 1 ақпанға дейін *«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы»* Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы № 134-4 Заңымен реттелген және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған. 2012 жылғы 1 ақпанда *«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы»* Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-4 Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топ активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға шоғырлануы тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді *(33-ескертпе)*:

- Мұнай-газ сегменті мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, шикі мұнайды, газды және қайта өңделетін өнімдерді қайта өңдеу және сату бойынша операциялар өндірісін қамтиды;
- Тасымалдау сегменті жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау жөніндегі операцияларды қамтиды;
- Коммуникация сегменті жергілікті, алыстағы қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері; сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері бойынша операцияларды қамтиды;
- Энергетикалық сегмент электр энергиясын өндіру және беру жөніндегі, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық, диспетчерлеу және импортталатын электр энергиясын пайдалану жөніндегі операцияларды, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды;
- Тау-кен сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі операцияларды қамтиды;
- Өнеркәсіптік сегментке химия саласын дамыту кәсіпорындары мен жобалары жатады;
- Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржы операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыздар беруді қамтиды;
- Басқалар сегменті мемлекетке тұрғын үй құрылысына инвестицияларды салу арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда қолдау көрсету операцияларын және басқа да операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген кеңсесі Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - «ҚР»), Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10 мекенжайында орналасқан.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2026 жылғы 10 қыркүйекте Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры - Басқарма мүшесі мен Қордың Бас бухгалтері бекітті, сондай-ақ ол Қор Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетімен алдын ала мақұлданды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік № 34 *«Аралық қаржылық есептілік»* Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес дайындалды.

Топ осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Топ басшылығы бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Басшылықтың пайымдауынша, Топтың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулер кірмейді және 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, ақша сомалары миллион теңгеге дейін дөңгелектелген.

### Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзетулер

*Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есепке алуды өзгерту*

2025 жыл ішінде Топ Акционерден алынған қарыздар бойынша туындайтын кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін тануға қатысты есеп саясатын өзгертті. Алдыңғы кезеңдерде Топ қарыздың номиналдық құны мен оның әділ құны арасындағы айырманы білдіретін дисконтқа қатысты кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін танымай келген және ол шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте танылған болатын.

Қарыздарды бастапқыда әділ құн бойынша тану және бастапқы танудан кейін дисконттың амортизациясы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық салынатын табыстың туындауына әкелмейді және кейіннен салық салу мақсатында шегерімге жатпайды.

ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» талаптарына сәйкес есеп саясатының бұл өзгерісі ретроспективті түрде қолданылды, бұл ретте салыстырмалы көрсеткіштер тиісті түрде қайта есептелді. Нәтижесінде, 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте табыс салығы бойынша шығыстар 3.817 миллион теңгеге азайтылды.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ Акционерден алынған қарыздар бойынша дисконтқа қатысты кейінге қалдырылған салық міндеттемесін аралық қысқартылған шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте бөлінбеген пайда құрамында 6.193 миллион теңге мөлшерінде таныды. Соның нәтижесінде 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бөлінбеген пайда 301.805 миллион теңгеге азайтылды.

Аталған өзгерістер 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай кезеңі үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке әсер еткен жоқ.

### Шетел валютасын қайта есептеу

*Функционалдық валюта және ұсынылған валюта*

Топтың 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын (бұдан әрі - «функционалдық валюта») пайдалана отырып бағаланады.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол Топтың есептілігін білдіру валютасы.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

### Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

*Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде және жыл аяғындағы бағамдар бойынша шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындаған бағамдық айырмадан пайда болатын кірістер мен шығындар пайда мен шығын болып танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

*Топ кәсіпорындары*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күндердегі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар кезеңдегі орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

*Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

| | **2026 жылғы 30 маусым** | 2025 жылғы 31 желтоқсан | **2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін орташа алынған бағам** | 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін орташа алынған бағам | **2026 жылғы 10 қыркүйек** |
|---|---|---|---|---|---|
| АҚШ доллары | **480,72** | 505,53 | **486,20** | 512,05 | **450,79** |
| Швейцария франкі | **594,44** | 637,33 | **617,87** | 595,46 | **555,84** |
| Қытай юані | **70,85** | 72,33 | **70,82** | 70,61 | **67,22** |

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топта шетел валюталары бағамдарының теңгеге қатысты тұрақсыздығына байланысты 5.266.705 миллион теңге мөлшерінде теріс бағамдық айырма (2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 7.382.868 миллион теңге) және 5.207.774 миллион теңге мөлшерінде оң бағамдық айырма (2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 7.260.276 миллион теңге) қалыптасты.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсініктемелер мен түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді енгізу Топқа елеулі әсер еткен жоқ.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Басшылықтың қолданылатын есеп саясатына қатысты елеулі пайымдаулары және осы аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері Топтың 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған консолидацияланған қаржылық есептілігіндегі ұқсас пайымдаулар мен көздерге сәйкес келеді.

*Учаскелерді жою және қалпына келтіру бойынша резервтер*

Есептілік күнге шаққанда макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерістеріне байланысты Топ магистральды газ құбырлары объектілерін жою бойынша резерв сомаларын анықтау үшін дисконттау ставкасы мен инфляцияның ұзақ мерзімді ставкасын қайта қарады *(7-ескертпе)*. 2025 жылғы 31 желтоқсан бойынша Топ қаржы нарығындағы осы құралдардың жоғары сұйықтылығы мен белсенді айналымына сүйене отырып, тәуекелсіз дисконттау ставкасы ретінде US T-bills кірімділігін пайдаланды. Сонымен қатар, 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ тәуекелсіз дисконттау ставкасы ретінде ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының кірімділігін қолдану оның қызметін жүзеге асыратын экономикалық жағдайларды дәлірек көрсетеді деген қорытындыға келді.

Инфляцияның ұзақ мерзімді ставкасы ретінде Топ ҚР-дағы 10 жылдық көкжиектегі (2025 жылғы 31 желтоқсан бойынша - 20 жылдық көкжиектегі) орташа өлшенген болжамды инфляция деңгейін пайдаланды. Топ 10 жылдық болжау көкжиегі ағымдағы нарықтық жағдайларды басым дәрежеде көрсетеді деген қорытындыға келді.

## 5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

**«Бутадиен» ЖШС**

2026 жылғы 28 қаңтарда Топ «Бутадиен» ЖШС жарғылық капиталындағы 75% қатысу үлесін сатып алу туралы шешім қабылдады. Бұған дейін Топ «Бутадиен» ЖШС жарғылық капиталындағы 25% қатысу үлесіне ие болған және ол қауымдасқан компанияға салынған инвестициялар ретінде есепке алынған. Мемлекеттік қайта тіркеу 2026 жылғы 30 қаңтарда жүргізілді, нәтижесінде «Бутадиен» ЖШС Топтың еншілес компаниясына айналды.

ХҚЕС (IFRS) 3 «*Бизнесті біріктіру*» талаптарына сәйкес сатып алынған сәйкестендірілетін активтердің, сондай-ақ кәсіпорынды сатып алу кезінде қабылданған міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің әділ құнын бағалау осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау күніне аяқталған жоқ. Сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер туралы ақпарат, сондай-ақ тиімді сатып алудан туындайтын пайда туралы ақпарат алдын ала әділ құнға негізделген.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ (жалғасы)

### «Бутадиен» ЖШС (жалғасы)

Сатып алу күніндегі «Бутадиен» ЖШС сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің алдын ала әділ құны туралы ақпарат төменде келтірілген:

| *Миллион теңге* | **Сатып алу күніндегі** |
|---|---|
| **Активтер** | |
| Негізгі құралдар (*7-ескертпе*) | 16.959 |
| Материалдық емес активтер (*8-ескертпе*) | 2 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 13 |
| Қорлар | 48 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | 108 |
| Өтеуге жататын ҚҚС | 91 |
| Басқа да активтер | 1.950 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 19.128 |
| **Активтердің жиыны** | **38.299** |
| | |
| **Міндеттемелер** | |
| Резервтер | 21 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 232 |
| Басқа да міндеттемелер | 78 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **331** |
| | |
| Сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің алдын ала әділ құны | 37.968 |
| Еншілес ұйымды сатып алу күніне төленуге жататын сыйақының әділ құны | (11.606) |
| Таза активтердегі бұрыннан иеленілген үлес (*9-ескертпе*) | (9.492) |
| **Тиімді сатып алудан түскен кіріс** | **16.870** |
| | |
| Сатып алынған еншілес ұйымның ақша қаражаты және оның баламалары | 19.128 |
| Шегерім: төленген ақша қаражаты | – |
| Сатып алу кезінде түскен ақша қаражаты және оның баламалары | **19.128** |

75% қатысу үлесін сатып алғаны үшін кредиторлық берешек 2031 жылғы 28 ақпанға дейін өтеуге жатады және өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек құрамында 12.376 миллион теңге мөлшерінде көрсетілген (*20-ескерту*).

## 6. САТУҒА НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРГЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ШЫҒУЛАР МЕН АКТИВТЕР

### 2026 жылғы шығулар

***«Северный Катпар» ЖШС (бұдан әрі – «Северный Катпар»)***

2026 жылғы 4 мамырда Топ «Северный Катпар» жарғылық капиталындағы 70% қатысу үлесін Cove Kaz Capital Group LLC пайдасына өткізу жөніндегі мәмілені аяқтады және еншілес ұйымға бақылауды жоғалтты. Мәміленің әділ құны еншілес ұйымды өткізу күніндегі жағдай бойынша 52.215 миллион теңге мөлшерінде айқындалды.

2026 жылғы 29 сәуірде Cove Kaz Capital Group LLC 11.418 миллион теңге мөлшерінде төлем жүргізді.

«Северный Катпар» қызметінің 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап бақылауды жоғалтқан күнге дейінгі кезеңдегі нәтижелері төмендегідей болды:

| *Миллион теңге* | **2026 жылғы 1 қаңтар – 2026 жылғы 4 мамыр** |
|---|---|
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (31) |
| Қаржылық кіріс | 2 |
| Қаржылық шығындар | (64) |
| Басқа да операциялық емес шығын | (4) |
| **Кезеңдегі шығын** | **(97)** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 6. САТУҒА НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРГЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ШЫҒУЛАР МЕН АКТИВТЕР (жалғасы)

**2026 жылғы шығулар (жалғасы)**

***«Северный Катпар» ЖШС (бұдан әрі – «Северный Катпар») (жалғасы)***

«Северный Катпардың» 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап бақылауды жоғалтқан күнге дейінгі кезеңдегі таза ақша ағындары төмендегідей берілген:

| *Миллион теңге* | |
|---|---|
| Операциялық | 38 |
| Инвестициялық | (23) |
| Қаржылық | 44 |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі** | **59** |

«Северный Катпар» ЖШС-нің шығу күніндегі активтері мен міндеттемелері төмендегідей берілген:

| *Миллион теңге* | **Шығу күніндегі таза активтер** |
|---|---|
| **Активтер** | |
| Негізгі құралдар *(7-ескертпе)* | 5.496 |
| Материалдық емес активтер *(8-ескертпе)* | 9.782 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтері | 48 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | 1 |
| Басқа ағымдағы активтер | 9 |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 1 |
| **Активтердің жиыны** | **15.337** |
| **Міндеттемелер** | |
| Қарыздар | 440 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | 1.646 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 1 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 11 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **2.098** |
| **Таза активтер** | **13.239** |

Еншілес ұйымның шығу нәтижесі төмендегідей берілген:

| *Миллион теңге* | |
|---|---|
| Алынған ақша өтемі – еншілес ұйымның шығу күніндегі жағдай бойынша | 11.418 |
| Еншілес ұйымның шығу күніндегі қосымша өтеудің әділ құны (*14-ескерту*) | 40.797 |
| Қауымдасқан компаниядағы қалған 30% инвестицияның әділ құны (*9-ескерту*) | 16.226 |
| Шыққан таза активтер | (13.239) |
| **Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс** | **55.202** |

«Северный Катпардың» қызметі «Тау-кен өндіруші» сегментінде ұсынылған.

**2025 жылғы шығулар**

***«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (бұдан әрі - «МТС»)***

2025 жылдың 14 қаңтарында Топ PIH Communication LLC пайдасына МТС жарғылық капиталындағы 100% үлесті 1.100 миллион АҚШ доллары, оның ішінде үш жыл ішінде төленуге тиіс 400 миллион АҚШ доллары көлемінде шартты сыйақы сомасында өткізу туралы келісімді тиісті құжатқа қол қою арқылы аяқтады және еншілес ұйымды бақылау құқығынан айырылды. Шартты сыйақы әділ құны бойынша танылды және 349 миллион АҚШ долларын құрады (шығу күніне 184.254 миллион теңгеге баламалы).

2025 жылғы 16 қаңтарда Топ осы өткізу шарты бойынша 700 миллион АҚШ доллары мөлшерінде бірінші транш алды (бақылауды жоғалту күніне 369.964 миллион теңгеге баламалы).

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 6. САТУҒА НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРГЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ШЫҒУЛАР МЕН АКТИВТЕР (жалғасы)

**2025 жылғы шығулар (жалғасы)**

***«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (бұдан әрі - «МТС») (жалғасы)***

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап бақылауды жоғалту күніне дейінгі кезеңдегі МТС таза ақша ағындары келесідей ұсынылған:

| *Миллион теңге* | |
|---|---|
| Операциялық | 9.111 |
| Инвестициялық | (572) |
| Қаржылық | (417) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі** | **8.122** |

Шығу күніне МТС активтері мен міндеттемелері келесідей ұсынылған:

| *Миллион теңге* | **Шығу күніндегі таза активтер** |
|---|---|
| **Активтер** | |
| Негізгі құралдар | 251.504 |
| Материалдық емес активтер | 256.467 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері | 80 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | 2.141 |
| Қорлар | 4.253 |
| Сауда дебиторлық берешек | 5.962 |
| Басқа ағымдағы активтер | 6.513 |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 59.281 |
| **Активтердің жиыны** | **586.201** |
| **Міндеттемелер** | |
| Қарыздар | 30.769 |
| Резервтер | 20.615 |
| Жалға алу бойынша міндеттемелер | 39.588 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 18.415 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | 12.413 |
| Төленуге жататын табыс салығы | 893 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 20.196 |
| Жұмыскерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер | 4.548 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 24.088 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **171.525** |
| **Таза активтер** | **414.676** |

Еншілес ұйымның шығу нәтижесі келесідей:

| *Миллион теңге* | |
|---|---|
| Еншілес ұйымның шығу күніне алынған ақшалай сыйақы | 369.964 |
| Еншілес ұйым шыққан күнге алынуға жататын қосымша сыйақының әділ құны *(14-ескертпе)* | 184.254 |
| Шығарылған компания алдындағы дебиторлық берешекті тану | 4.719 |
| Шығарылған компания алдындағы міндеттемелерді тану | (7.858) |
| Шығарылған таза активтер | (414.676) |
| **Еншілес ұйымның кетуінен түсетін кіріс** | **136.403** |

МТС қызметі *Коммуникация сегментінде* көрсетілген.

2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топ МТС-ты өткізу туралы шарт бойынша 12.878 миллион теңге мөлшеріндегі кезекті транштыны алды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 6. ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУЛАР ЖӘНЕ САТУҒА НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРГЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР (жалғасы)

**2025 жылғы шығулар (жалғасы)**

***«Полимер Продакшн» ЖШС бұдан әрі - «Полимер»)***

2025 жылғы 17 наурызда Топ пен «СИБУР Холдинг» жақ Топтың еншілес ұйымы Полимердің жарғылық капиталына қатысу үлесінің 60% Сатып алу-сату шартына қол қойды. 2025 жылғы 4 сәуірде Полимерді заңды қайта тіркеу жүргізілді. Нәтижесінде Топ Полимерді басқаруды жоғалтты және 40% меншік құқығын сақтап қалды.

Полимерге қатысу үлесінің 60% сату құны 1.188 миллион теңгені құрады. Қалған инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен кәсіпорынға инвестиция болып табылады және оның бақылауды жоғалту күніндегі әділ құны 792 миллион теңгені құрады. Бақылауды жоғалту күніндегі Полимердің таза міндеттемелері 1.020 миллион теңгені құрады.

Полимердің қызметі *Мұнай-газ* сегментінде ұсынылды.

**Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер**

Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған деп жіктелген активтер келесідей ұсынылған:

| *Миллион теңгемен* | **Сегмент** | **2026 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2025 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| Сатуға арналған деп жіктелген активтер | | **457.665** | 422.017 |
| *«GPC Investment» ЖШС* | *Мұнай-газ* | ***363.613*** | *323.346* |
| *«Алайғыр» БК» ЖШС* | *Тау-кен өндіру* | ***19.456*** | *19.605* |
| *Басқасы* | | ***74.596*** | *79.066* |
| Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер | | **6.707** | 3.377 |
| | | **464.372** | 425.394 |

Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер келесідей ұсынылған:

